

БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ЖАРИЯ ШАРТ

Осы Жария Шарт (бұдан әрі - Шарт) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі берген 08.06.1998 жылғы №ДС0000270 ККМ Лицензиясының (бұдан әрі - Лицензия) негізінде әрекет ететін бұдан әрі «Оператор» деп аталатын «Кселл» акционерлық қоғамы ұялы операторының телекоммуникациялық желісінің аясында осы Шарт талаптарына қосылған бұдан әрі «Абонент» деп аталатын тұлғаға қызметтерді көрсетудің жалпы шарттарын айқындайды. Шартта Абонент пен Оператор бірге «Тараптар» деп аталады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Шарт мақсаттарында төмендегідей негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) Абонент – осы Шартқа сәйкес мақсаттарда Абоненттік нөмірдің және/немесе сәйкестендіру кодының бөлінуімен осы Шартқа қосылған заңды немесе жеке тұлға.
- 2) Абоненттік төлем – Тарифтік жоспарда және/немесе Қызметтің шарттарында басқаша көзделмеген болса, Абоненттің белгілі бір мерзімде тұрақты мөлшерде нақты пайдаланған Қызметтерінің көлеміне байланысты емес төлем мөлшері.
- 3) Абоненттік нөмір – байланыс қызметтерін көрсетуге Шарт жасасу кезінде абонентке бөлінетін және Оператор желісіне қосылған Абоненттік құрылғыны оған басқа Абоненттік құрылғылардың қосылуы барысында сәйкестендіретін телефон нөмірі, оның ішінде Абонентке оның Абоненттік нөмірін басқа оператор желісінен ауыстыруы барысында кіріс және шығыс байланыс қызметтерін қамтамасыз ету үшін нөмірді ауыстыру процедурасын жүзеге асыру кезінде ұсынылатын уақытша Абоненттік нөмір.
- 4) Абоненттік құрылғы – Абонент берген ақпаратты беру немесе қабылдау үшін электр байланыс сигналдарын қалыптастыратын және байланыс операторының желісіне қосылатын жеке пайдаланылатын байланыс құралы.
- 5) Автоматты қызмет көрсету жүйесі – Абонентке ұялы байланыс қызметтерін және олармен технологиялық тұрғыдан байланысты қызметтерді, Тарифтік жоспарды SMS, MMS немесе USSD сұранымын жолдау немесе Жеке кабинет арқылы немесе Оператор ұсынатын басқа да техникалық мүмкіндіктерді пайдалану жолымен өз бетінше қосуға немесе өшіруге мүмкіндік беретін жиынтықты қызмет көрсету жүйесі. Абоненттің Автоматты қызмет көрсету жүйесін пайдалануы Абонент Өтінішіне теңестіріледі.
- 6) Оператордың қызмет көрсету аймағы – Оператордың лицензияға және өз желісінің техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес, оның ішінде радиотолқындардың таралу ерекшеліктерін ескере отырып байланыс қызметтері көрсетілетін аумақ.
- 7) Өтініш – Оператор орнатқан формада, тәртіпте және шарттарда және Оператор орнатқан шектеулерді ескерумен Абоненттің Қызметтерді көрсету шарттарына қатысты ауызша, жазбаша немесе Қызмет көрсетудің автоматтандырылған жүйесі арқылы немесе факсимильді байланыс не электрондық пошта арқылы жолданған арызы.
- 8) Тарифтеу бірлігі – Оператор мен Оператор көрсететін Қызметтер үшін міндетті болып табылатын, Оператордың Қызметтерінің тиісті түрі үшін ақы алынатын, ақпараттың уақытының, саны немесе көлемінің бірлігі.

- 9) Жеке кабинет – Абонентке Дербес шот қалпын тексеруге, пайдаланылатын Қызметтерді басқаруға, оның ішінде Қызметтерді қосуға немесе өшіруге, Тарифтік жоспарды өзгертуге, сондай-ақ Оператор орнатқан шарттарда басқа да әрекеттерді жүргізуге мүмкіндік беретін жүйе.
- 10) Төлем картасы – пластикалық карта түріндегі немесе Оператор анықтаған кез келген түрдегі құпия коды, қорғаныс қабаты бар, бетінде оны іске қосу арқылы Дербес шот толтырылған кезде Абонентке қызметтер көрсетіле алатын сома/номинал көрсетілген сақтаушы.
- 11) Қысқа мәтіндік хабарлама (SMS, USSD) – ұялы байланыс операторы желісінің және абоненттік құрылғының техникалық мүмкіндіктерімен рұқсат етілетін белгілі бір ретте және көлемде терілген, әріптерден және (немесе) сандардан және (немесе) таңбалардан тұратын ақпараттық хабарлама.
- 12) Дербес шот – Абонентпен жасалған Шартқа сәйкес қызметтерді төлеуге енгізілген ақшалай қаражаттың түсуі мен жұмсалыуының есебін жүргізуге арналған Оператордың биллинг жүйесіндегі аналитикалық есеп тізілімі. Бір Шарт шеңберінде Абонентке бірнеше Дербес шот бөлініп беріле алады.
- 13) Мобильді қаржы қызметтері – Электрондық ақша жүйесінде Абонентке Электрондық ақша сату бойынша Оператордың қызметтері.
- 14) Абоненттік нөмірді ауыстыру – басқа ұялы байланыс операторымен жаңа ұялы байланыс қызметтерін көрсету шартын жасасу барысында Абонентке ұсынылатын ұялы байланыс желілеріндегі Абоненттік нөмірді сақтау және пайдалану жөніндегі қызмет.
- 15) Байланыс қызметтерін пайдаланушы (бұдан әрі – Пайдаланушы)
- 16) Провайдер – Оператор желісін пайдалану арқылы Абоненттерге интеллектуалдық, жадыратушы (лотереялар, дауыс берулер, телевикториналар, анықтамалық-ақпараттық қызметтер, таныстық қызметтері т.б.) немесе басқа да сипаттағы қызметтерді (сервистерді) көрсететін жеке немесе заңды тұлға.
- 17) Есеп айырысу мерзімі – Абоненттің Қызметтерді төлеуге бөлінген Есептік мерзімнің аяқталуынан кейінгі отыз күнтізбелік күн.
- 18) Тіркеу парағы – Абонент туралы мәліметтерді, Абоненттік нөмір, Абонент таңдаған алғашқы Тарифтік жоспар туралы ақпаратты қамтитын, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын және Абоненттің Шарт талаптарына қосылу жайтын растайтын Оператор орнатқан үлгідегі бланк.
- 19) Роуминг – ұялы байланыс операторларының арасындағы роумингтік келісім негізінде абонентке басқа ұялы байланыс операторының желісінде ұялы байланыс қызметтерін көрсету. Роумингті іске асыру үшін абоненттік құрылғының және өзге елдегі басқа байланыс оператор желісінің техникалық үйлесімділігі қажет.
- 20) Оператор Сайты – Оператордың Интернет желісіндегі мына мекенжайлардағы ақпараттық ресурсы:
- Kcell- www.kcell.kz.
- Activ - www.activ.kz
- 21) Абонент және/немесе ұялы байланыс қызметтерін Пайдаланушы туралы қызметтік ақпарат – Абонент және (немесе) байланыс қызметтерін Пайдаланушылар туралы

мәліметтер, оның ішінде жеке сәйкестендіру нөмірі және заңды тұлғалар үшін бизнес-сәйкестендіру нөмірі, биллингтік мәліметтер және Абонентке және/немесе қызметтерді пайдаланушыға көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтер, Абоненттік құрылғының желіде орналасқан жері, деректерді беру желілеріндегі мекенжайлар және деректерді беру желісінде интернет-ресурстарға жүгіну мекенжайлары, интернет-ресурс сәйкестендіргіштері, деректерді беру желілерінің хаттамалары.

- 22) Тарифтік жоспар – Оператордың Абоненттерге немесе Абоненттердің белгілі тобына немесе белгілі бір шектелген аумақта орнататын Қызметтердің тізімі мен құнын, оларды ұсыну және тарифтік есептеу ерекшеліктерін, әрекет ету мерзімін, есеп айырысу тәртібін анықтайтын тарифтік ұсыныстар жүйесі.
- 23) Қызметтер – Оператордың және үшінші тараптардың қызметтері.
- 24) Оператор қызметтері – Kcell немесе Activ тауар белгілерімен ұсынылатын ұялы байланыс қызметтері және де Мобильді Қаржы Қызметтері, Интернет желісіне мобильді қолжеткізім қызметтері, сондай-ақ анықтамалық-ақпараттық қызметтер және/немесе Оператор көрсететін басқа да қызметтер.
- 25) Үшінші тараптардың қызметтері – Абоненттерге Оператор желісі арқылы көрсетілетін Провайдерлер мен басқа да үшінші тараптардың қызметтері, сондай-ақ Абоненттерге үшінші тұлғалар көрсететін басқа да қызметтер.
- 26) Есептік мерзім – Қызметтердің көрсетіліп, есептелген мерзімін қамтитын күнтізбелік ай.
- 27) Шлюз - Оператордың желісі мен басқа байланыс желілерінің арасында дауыстық және/немесе дауыстық емес ақпаратты беруді жүзеге асыратын және Қызметті пайдаланатын тұлғаларға басқа байланыс желілеріне қолжеткізуді ұсынатын және/немесе Оператордың желісіне үшінші тұлғалардың қолжеткізуін ұсынатын (соның ішінде жылжымалы байланыстың, орнықты байланыстың, деректерді берудің желілері, т.б.) аппараттық-бағдарламалық кешен, сервер немесе кез келген басқа жабдық.
- 28) SIM-карта (Абонентті сәйкестендіру картасы) – Абонентті сәйкестендіріп, Абоненттің Оператор қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін, Абоненттік құрылғының бөлігі болып табылатын микропроцессорлық модуль ретіндегі жекелей қол жеткізу картасы.
- 29) IVR – Оператордың Абонентке Қызметтерді көрсету шарттары туралы дауыстық ақпаратты ұсынатын, сондай-ақ Абонентке жекелей жағдайларда Операторға Өтініштерді ұсынуға мүмкіндік беретін интерактивті дауыстық қатынас технологиясы.

2. Қызмет көрсетудің жалпы шарттары

2.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасына сәйкес қосылу Шарты болып табылады. Осы Шарт талаптарын Оператор Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасына және Лицензияға сәйкес өз бетінше орнатады және Абонент оларды Шартқа толықтай қосылу жолы ретінде ғана қабылдайды. Егер Абонент осы Шарт талаптарымен келіспейтін болса, Абонент Операторға жазбаша Өтініш ұсыну арқылы Шартты бұзуға құқылы.

2.2. Осы Шарт бойынша Абонент таңдалған Тарифтік жоспарға және Оператордың немесе үшінші тараптардың Қызметтерін көрсету шарттарына сәйкес Қызметтерді

пайдаланады және көрсетілетін Қызметтерді осы Шартта ескерілген тәртіпте және шарттарға сәйкес төлейді.

Мобильді Қаржы Қызметтерін ұсыну тәртібі мен шарттары осы Жария шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, осы шартқа №2 Қосымшада белгіленген Мобильді Қаржы Қызметтерін ұсыну ережелерімен анықталады.

2.3. Осы Шарт Абоненттің Тіркеу парағына қол қойып, оны Оператор немесе оның өкілі қабылдаған сәттен бастап күшіне енеді. Абоненттің сәйкес Тіркеу парағына қол қоюы оның Шарт талаптарымен сөзсіз келісетіндігін және оған толықтай қосылатынын білдіреді.

2.4. Тараптар осы Шартқа қол қою барысында Оператордың өкілетті тұлғасының жеке қолтаңбасының факсимильді баламасының қолданылуына жол берілетіндігімен келіседі.

2.5. Осы Жалпыға ортақ Шарт барлық Абоненттерге таралады және бұрын Абонентпен жасалған Ұялы байланыс қызметтерін көрсету Шартының орнын ауыстырады. Осы Шарттың алғаш жарияланған сәтінен бастап Абоненттерге Қызмет көрсету шарттары Осы Шарт талаптарына сәйкес анықталады. Солай бола тұра Тіркеу парағына қол қою талап етілмейді. Шарт талаптарымен келіспеген жағдайда Абонент осы Шарттың бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күнінен бастап 30 күн ішінде Операторға жазбаша түрде Шарт талаптарына қосылудан бас тартатыны туралы хабарлауға құқылы. Көрсетілген мерзімде Операторға Абоненттің Шарт талаптарына қосылудан бас тартуы туралы Өтінішінің түспегені, сондай-ақ Абоненттің конклюденттік әрекеттерді жүргізуі (Қызметтерді пайдалануы) Абоненттің Шарт талаптарын толық қабылдайтынын және осы Шартқа толықтай қосылатынын білдіреді.

2.6. Осы Шартқа қосылған жағдайда, Оператор Абоненттің пайдалануына Абоненттік нөмір бөліп береді. Абоненттік нөмірді Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Шартта орнатылған жағдайларда ала немесе өзгерте алады.

2.7. Қызметтер Абонентке оның жеке меншігінде, иелігінде немесе пайдалануында орнатылған талаптарға сәйкес келетін және Оператор желісінде пайдаланылатын радиожілік диапазондары мен ұялы байланыс стандарттарымен үйлесімді абоненттік құрылғының болған жағдайында көрсетіледі. Абоненттік құрылғылар техникалық сипаттамаларына байланысты жекелей қызметтерді қабылдамауы мүмкін.

2.8. Қызметтер Абонентке оның таңдаған Тарифтік жоспарына сәйкес және Оператордың немесе үшінші тараптардың Қызмет көрсету шарттарына сәйкес ұсынылады.

2.9. Тарифтік жоспарлар, оларды пайдалану шарттары (әрекет ету мерзімі және басқа да шектеулер), олар қамтитын қызметтер көлемі, сондай-ақ Оператордың басқа да Қызметтерінің шарттарын Оператор өз бетінше анықтайды және оларды Оператор қолданыстағы заңнамаға сәйкес бір тарапты тәртіпте өзгертуге құқылы, бұл ретте Оператор Абоненттерге Оператор Қызметтеріне тарифтердің артқан жағдайында алдын ала мәлімдеме жолдайды. Үшінші тараптардың қызметтерін көрсету шарттарын осындай қызметтерді көрсететін жабдықтаушылар анықтайды және олар сәйкес жабдықтаушылар орнатқан тәртіпте өзгертіле алады.

2.10. Әрекеттегі Тарифтік жоспарларды Оператор Абоненттерді жаппай қысқа хабарлама жолдау, ақпаратты Оператор Сайтында жариялау немесе хабарландырудың басқа да тәсілдері арқылы 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар ете отырып, бір жақты ретте жоя алады. Егер жоғарыда көрсетілген мерзімде Абонент басқа Тарифтік жоспарға

ауыспаса, Оператор жойылатын Тарифтік жоспарды қосқанға дейін, Абонентте болған Тарифтік жоспарда Абонентке қызмет көрсетуді жалғастыруға немесе ондай Тарифтік жоспар қолжетімсіз болса, Абонентке хабарлай отырып, Оператордың басқа қолжетімді Тарифтік жоспарында қызмет көрсетуді жалғастыруға құқылы.

2.11. Қызметтер мен Тарифтік жоспарлар туралы ақпарат Оператор немесе үшінші тараптардың Сайтында жарияланады, Абоненттер назарына Автоматты қызмет көрсету жүйесі, жарнамалық материалдар немесе Оператордың ақпараттық-анықтамалық қызметтері арқылы жеткізіледі. Абонент Автоматты қызмет көрсету жүйесі арқылы Қызметті және/немесе Тарифтік жоспарды іске қосу арқылы олардың көрсетілу шарттарымен, тарифтік есептеу ережесімен толық келіседі және оларды алуға және ақысын төлеуге келісім білдіреді.

2.12. Абоненттік нөмірдің ауыстырылған жағдайында ауыстырылатын нөмірді Оператор алып, Абонентке жаңа Абоненттік нөмір бөлініп беріледі, бұл ретте ауыстырылған Абоненттік нөмір Абонентке Оператор орнатқан процедураларға сәйкес оны қосу мүмкін болған жағдайда беріле алады.

2.13. Оператордың қайта құрылған жағдайында осы Шарт өзінің заңды күшін толықтай сақтайды және Тараптардың құқықтары мен міндеттері өзгеріссіз қалдырылады.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Оператор:

3.1.1. Оператор желісі арқылы көрсетілетін Үшінші тараптардың қызметтеріне ақы алуға құқылы;

3.1.2. Абонентке Роуминг қызметі көрсетілген жағдайда Оператор мөлшері ағымдағы заңнамамен анықталатын Роуминг қызметін қосудың шектік сомасын орнатуға құқылы. Абонент Роуминг қызметін пайдаланған жағдайда кіріс қосылыстар да, шығыс қосылыстар да, сондай-ақ басқа да көрсетілген қызметтер, оның ішінде бағыттау қызметтері төленуге жатады. Осындай қызметтерді Абонент орнатылған есеп айырысу тәртібіне сәйкес төлейді.

3.1.3. Бір Абонентте бірнеше Абоненттік нөмір болған жағдайда және ең болмаса олардың бірі бойынша қарыз пайда болған жағдайда Оператор Абонентті ескертпестен осы Абоненттік нөмір немесе оның кез келген Абоненттік нөмірі бойынша қызметтерді қарыз өтелгенше тоқтатуға және/немесе тоқтата тұруға және/немесе қарыз сомасын Абоненттің кез келген басқа Абоненттік нөмірлері бойынша Дербес шотынан пайда болған қарызды өтеу үшін алуға құқылы.

3.1.4. Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасымен ескерілген тәртіпте Оператордың ақпараттық-анықтамалық қызметіне түсетін кіріс қоңыраулардың жазбасын жүргізуге, сондай-ақ Абоненттің Абоненттік нөмірінен Оператор қызметінің мамандарына бірнеше рет Оператор қызметіне қатыссыз мәселемен хабарласқан жағдайында және/немесе Абоненттің этикалық нормаларды бұзған жағдайында бір жақты ретте Абоненттің Оператор маманының тікелей қызмет көрсетуіне қол жеткізуін шектеуге құқылы;

3.1.5. Егер Абонент Қызметтерді төлеуге қатысты міндеттемелерін бұзса, кез келген қолжетімді тәсілмен Абонентті және/немесе Пайдаланушыны қарызды өтеу қажеттігі

туралы хабардар етуге, осындай қарызды өтеу үшін үшінші тараптарды тартуға құқылы. Абонент бұл жағдайда Оператордың осындай үшінші тараптарға Абонент, Абонент алған қызметтер құны, қарыз сомасы туралы кез келген ақпаратты, Абонент қарызын растайтын құжаттарды және қарызды алуға қажет басқа да ақпаратты, оның ішінде дербес деректерді бере алатындығымен келіседі.

3.1.6. Төмендегідей жағдайларда Абоненттің белгілі бір Абоненттік нөмірі бойынша Абонентті алдын ала хабардар етпестен Қызметтерді көрсетуді тоқтатуға, көлемін шектеуге немесе тоқтата тұруға құқылы:

- 1) Абоненттің дербес шотында Қызметтердің көрсетілуіне жеткілікті қажет ақшалай қаржының болмауы (есеп айырысудың аванстық тәртібінде) немесе Есептік мерзім ішінде шот төленбесе (есеп айырысудың несиелік тәртібінде) немесе Оператор анықтаған тәртіпте есептелген, орнатылған несиелік лимиттің асырылған жағдайында;
- 2) SIM-карта, Абоненттік құрылғыны немесе көрсетілетін Қызметтерді өкілетті емес тұлғаның тиісті емес немесе заңсыз сипатта немесе қылмыстық әрекеттерді іске асыру мақсатында пайдаланғаны анықталса;
- 3) Абонент осы Шарт талаптарын бұзса немесе жалған түрде төтенше жағдай қызметтерін шақырса, басқа абоненттік/телефон нөмірлері бойынша телефон қоңырауларын/жолдамаларды жасаса немесе заңсыз әрекеттер іске асыру мақсатында басқа да әрекеттерді жүргізсе;
- 4) Қызметтерге SIM-картаның, Төлем картасының ұрлануы, сәйкестендіру кодының не басқа да кодтың бұзылуы немесе басқа да заңсыз әрекеттер нәтижесінде немесе қолданылуға тыйым салынған SIM-карта немесе Төлем картасы арқылы қол жеткізілгені мәлім болса;
- 5) Абоненттен Абоненттік құрылғының ұрлануы немесе жоғалуы туралы мәлімдеме түссе;
- 6) Оператордың пікірі бойынша, Абоненттің әрекеттері Оператордың желісінің жұмысына зиян келтіруі мүмкін болса, оның ішінде осы Шартқа №1 Қосымшада белгіленген Қызметтерді адал пайдалану шарттарын бұзуды қоса, бірақ онымен шектелмей;
- 7) Абонент осы Шарттың 3.2.5-3.2.7, 3.2.11 тармақтарында және Шартқа №1 Қосымшада көрсетілген шарттарды бұзса;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған басқа да себептермен.

3.1.7. Абонент көрсетілген Қызметке артық төлеген ақша қаражатын Мобильді Қаржы Қызметтерін қоса, Оператордың немесе үшінші тұлғалардың Қызметтерінің алғытөлемі есебіне қабылдайды немесе осы Шартты бұзғанда, Абоненттің арызы бойынша осы қаражатты Абонентке қайтарады.

3.1.8. Абоненттің дербес шотынан Оператордың тексеруі нәтижесінде заңсыз немесе қате жүргізілген төлем нәтижесінде алынған ақшалай қаражатты есептен шығаруға құқылы.

3.1.9. Дербес шотта ақша қаражаты болғанда, 12 ай бойы Абонент/Пайдаланушы тарифтелетін қосылыс жүргізбесе, сондай-ақ заңнамада немесе осы шартта ескерілген жағдайларда, Абоненттік нөмірді тартып алуға құқылы.

3.1.10. Шартты бұзу, әрекет ету мерзімін тоқтату және/немесе Абоненттің нөмірді алу сәтінен бастап 3 (үш) жыл өткеннен кейін Абонент жоғарыда аталған мерзімде өзіне ақша қаражатын қайтару туралы өтініш ұсынбаса, Абоненттің Дербес шотындағы ақша қаражатының қалдығын есептен шығарып, оны өз табысына енгізуге құқылы.

3.1.11. Қызметтің сатылымдарын көбейту, Абоненттердің адалдығын арттыру, жаңа Абоненттерді тартуға бағытталған жарнамалық науқандарды, ұтыс ойындарын, басқа маркетингілік іс-шараларды және Оператордың жаңа немесе қолданыстағы тарифтік ұсыныстары бойынша дисконтты және/немесе науқандық ұсыныстарын Абоненттердің пайдалану белсенділігін анықтау мақсатында Оператор анықтайтын топтар үшін маркетингілік кампаниялар жүргізуге құқылы.

3.1.12. Абонентке SMS және / немесе Оператордың Сайтында ақпаратты орналастыру арқылы хабарлай отырып, Оператордың қосымша тегін Қызметтерін Абонентке ұсынуға құқылы, сонымен қатар, Абонент Оператор белгілеген амалдармен Оператордың қосымша тегін Қызметтерінен бас тартуға құқылы.

3.1.13. Қызметтерді адал пайдалану шарттарын қамтамасыз ету мақсатында және желіге жүктемеге байланысты, пиринг файлмен алмасу желілерін пайдаланғанда, трафиктің басымдылығы, кіру жылдамдығын шектеуді қоса, Қызметтердің техникалық сипаттамасын өз бетімен белгілеуге құқылы.

3.2. Абонент:

3.2.1. Ақпараттық-анықтамалық қызметтерді алуға;

3.2.2. Тіркеу парағын дұрыс толтырып, Операторға беруі, сондай-ақ Оператордың өкілетті тұлғасына немесе оның өкіліне оператордың көшірмелерін қағаз немесе электрондық түрде сақтауы үшін Абонент туралы деректерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын беруі міндетті.

3.2.3. Төмендегі жағдайларда абонент туралы деректерді тегін өзгертуге:

- Жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты орны өзгерген жағдайда;
- Заңды тұлға үшін – ұйым атауы, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік деректемелері, орналасқан орны мен пошта мекенжайы өзгерген жағдайда,
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен ескерілген басқа да жағдайларда.

3.2.4. Қызмет көрсету, Тарифтік жоспарлардың шарттарымен оларды қосқанға дейін, танысуға міндетті. Абонент осы шартты орындамағаны үшін толық жауапкершілікті көтереді және егер Абонент Оператор ұсынатын шарттармен келіспесе, Қызметті, тарифтік жоспарды сөндіруге құқылы. Абонент өзінің бонустық трафигінің жұмсалудың және оның есептелуін өзі тексереді.

3.2.5. Шартта анықталған толық көлемде және мерзімде Қызмет ақысын енгізуге міндетті, сонымен бірге, төлемнің мақсатты тағайындалымында әр нөмір бойынша төленетін сомаларды және/немесе салық шот-фактурасының дұрыс нөмірін көрсетіп, Абоненттік нөмірді/нөмірлерді көрсетуге міндетті. Абонент қызметтерді төлемегені және/немесе уақтылы төлемегені үшін толық жауапты болады. Егер Тарифтік жоспар немесе басқа да Қызмет шарттарына сәйкес Абоненттік төлем ескерілген болса, Абонент Абоненттік төлемді Тарифтік жоспардың немесе басқа Қызметтердің шарттарына сәйкесуақтылы төлеуге міндетті. Егер Абоненттің 5-тен астам өзіне тіркелген нөмірлері болса, онда көрсетілген Қызметтер үшін төлегенде, Абонент Абоненттік нөмірлерді және әр Абоненттік

нөмір бойынша төленетін сомаларды көрсетіп, <https://www.kcell.kz/ru/b2b.account/eregistry/2369> сілтемесі бойынша Оператордың ресми сайтында орналасқан үлгіге сәйкес, тізілімді ұсынуға міндетті.

3.2.6. Есеп айырысудың алғытөлемдік тәртібі бойынша дауыстық байланыс қызметтері мен Интернет желісіне қолжеткізу қызметін пайдаланғанда, қарыз пайда болғанда, егер Оператор осындай қосылысты Дербес шотта ақша біткен сәтте үзбесе, роуминг қызметін пайдаланғанда, туындаған қарыздан басқа, кез келген қолжетімді әдіспен осы қарыздың есептелген сомасын түзету туралы талаппен Операторға хабарласуға құқылы.

3.2.7. Есеп айырысудың несиелік тәртібінде Оператормен келісім бойынша Роуминг қызметтерінен басқа Оператор Қызметтеріне несиелік лимит орнатуға, ал Роуминг-серіктесте шынайы уақыт режимінде қосылыстардың ұзақтығын бақылауға мүмкіндік беретін жүйенің болмаған жағдайында, көрсетілген Қызметтердің құнын несиелік лимит үстінен төлеуге.

3.2.8. Есеп айырысудың алғытөлемдік тәртібінде, Оператор белгілеген Қызметтерді төлемді кешіктірумен Оператор белгілеген шарттарға сәйкес пайдалануға құқылы.

3.2.9. Операторға Абонент туралы шынайы деректерді (жеке тұлға үшін - ТАӨ, жеке басын растайтын құжат мәліметтері, ЖСН нөмірі, пошталық мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы; заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, заңды/пошталық мекенжайы, ҚҚС бойынша есепке тұру туралы куәлік мәліметтері, шоттарды жеткізу мекенжайы, БСН) ұсынуға міндетті. Көрсетілген мәліметтердің өзгерген жағдайында Операторға осындай өзгерістерден кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде жаңа мәліметтерін жоғарыда көрсетілген құжат көшірмелерін тіркей отырып, ұсынады.

3.2.10. Абоненттік нөмірді үшінші тұлғаға осы Шарт бойынша өзіне ешқандай құқықтарды және міндеттемелерді сақтамай тұрақты түрде пайдалануға бергенде, Абоненттік нөмірді міндетті түрде Операторға Абоненттік нөмірді үшінші тарап атына ресімдеуге қарсы еместігі туралы жазбаша Өтініш ұсыну арқылы оның іс жүзінде берілген сәтінен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде қайта ресімдейді.

3.2.11. Ұсынылған абоненттік нөмірді лотереяларды, дауыс берулерді, викториналарды, жарнама таратуды ұйымдастыру мен өткізу үшін пайдаланбауға, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзуға әкелетін, байланыс жабдықтары мен құрылғыларының жұмысына кері әсерін тигізетін әрекеттерді жүргізбеуге міндеттеледі. Абонент Оператордың жазбаша келісімінсіз шлюздарды немесе дербес пайдалану құралдары болып табылмайтын және/немесе Қызметтерді басқа Абоненттердің құқықтарын, осы Шарт талаптарын немесе ағымдағы заңнаманы бұзатын тәсілдермен пайдалануға, оның ішінде үшінші тұлғаларға байланыс қызметтеріне, оның ішінде басқа байланыс операторлары, оның ішінде орнықты байланыс және Интернет/IP телефония және басқа қызметтерін көрсететін қызметтерге қолжеткізім беруге арналған арнайы техникалық құрылғыларды/құралдарды/бағдарламаларды пайдаланбауға міндеттеледі.

3.2.12. Егер Абонент бұрын Оператор желісі арқылы жарнамалық ақпаратты алуға, мұндай келісім алу қажеттігі Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасымен ескерілген мақсаттарда және жағдайда, келісім білдірген болса, сәйкес жазбаша мәлімдеме жолдау арқылы Оператор желісімен таратылатын жарнамадан бас тартуға құқылы.

3.2.13. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа Абоненттердің деректерінің, егер осындай деректер оған Қызметтерді көрсету барысында белгілі болса

(абоненттік нөмірлер және басқа да деректер) осындай қол жеткізу шектеулі жеке деректерінің құпиялығын қамтамасыз етуге міндетті. Осы қағиданың бұзылған жағдайында Абонент ағымдағы заңнамамен орнатылған жауапкершілікке ие болады.

3.2.14. Осы Шартқа қосыла отырып, Абонент оның жиналуы және пайдаланылуы Операторға және/немесе үшінші тұлғаларға осы Шартты орындау, оған байланыс және басқа да қызметтерді, оның ішінде Мобильді Қаржы Қызметтері, Роуминг қызметтерін және/немесе үшінші тұлғалардың қызметтерін, сондай-ақ анықтамалық-ақпараттық қызмет көрсету мақсатында, сондай-ақ Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған зерттеу жүргізу барысында қажет болса, жеке деректерінің, оның ішінде шектелместен Абонент/Пайдаланушы туралы Қызметтік ақпараттың жиналып, өңделетініне келісім, егер осындай келісім Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасына сәйкес қажет болса, береді. Егер Абонент осындай келісімін қайтарып алатын болса, Оператор Абонентке Қызметтерді толықтай не жартылай көрсетуді тоқтатуға құқылы.

3.2.15. Абоненттерге қызмет көрсету кеңселеріне хабарласқан кезде, талап етілген жағдайда, жеке басын растайтын құжатты ұсынуға міндетті.

3.2.16. Оператор белгілеген амалмен негізгі ұялы байланыс қызметтерін оған көрсетуден бас тартуға құқылы, сонымен бірге, Оператор сөндірілген негізгі ұялы байланыс қызметтерін Абоненттің арызының негізінде қалпына келтіреді.

3.2.17. Өз қарауына орай зияткерлік қызметтерді жеткізушілер орнатқан қосу және өшіру шарттарына сәйкес осындай қызметтерді қосуға және өшіруге (лотерея, дауыс беру, телевикторина, викторина, анықтамалық-ақпараттық қызметтер, танысу қызметтері) қосуға және өшіруге құқылы.

4. Қызметтердің құны және есеп айырысу тәртібі

4.1. Абонент Қызметтерді өзі таңдаған төлеу тәсіліне (қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз) сәйкес немесе түрлі номиналдағы Төлем карталарын іске қосу арқылы төлейді.

4.2. Есеп айырысу тәртібін (аванстық және/немесе несиелік) Абонент таңдаған Тарифтік жоспарға сәйкес Оператор анықтайды.

4.3. Есеп айырысудың аванстық тәртібінде Абонент Қызметтерді аванстық төлем жүргізу (Абоненттің Дербес шотына Қызметтердің көрсетілуі үшін жеткілікті ақшалай қаражаттың түсуі) арқылы төлейді.

Тіркеу парағына қол қою барысында Абонент Оператордың сәйкес бастапқы топтама және/немесе абоненттік жинақ үшін немесе Абонент таңдаған Тарифтік жоспар үшін орнатқан көлемде бастапқы аванстық төлем енгізеді.

4.4. Несиелік есеп айырысу тәртібінде Абонент Қызметтерді Есептік мерзім ішінде төлейді.

4.5. Роуминг қызметін, Үшінші тұлғалардың қызметтерін қоса, кейбір Қызметтердің құнын Оператор келесі Есептік кезеңдердің шотына қоса алады.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Роумингтегі қызметтерді қоса, үшінші тараптар қызметтерінің сапасына сәйкесінше осындай қызметтерді көрсететін жеткізушілер жауапты.

5.2. Оператор төмендегілерге жауапты болмайды:

5.2.1. Абоненттің кездейсоқ, жанама залалға байланысты мүмкін болатын шығындарына, оның ішінде шектелместен Абоненттің табысты жоғалтуына, іскерлік белсенділігінің үзілуіне және Қызметтерді пайдалану барысында пайда болатын басқа да материалдық шығындарына (жіберілген табыс);

5.2.2. Операторға қатыссыз себептермен Оператор желісінің үзілуіне, сондай-ақ осы Шарт талаптарын басқалай орындамауға немесе тиісінше орындамауына, оның ішінде дүлей күш жағдайларына (форс-мажор), оның ішінде шектелместен: жарияланған немесе жарияланбаған соғыс, азаматтық соғыс, тәртіпсіздік немесе көтеріліс, қарақшылық әрекеттері, іріткі, дүлей апаттар, құйындар, циклондар, дауылды желдер, жер сілкінулер, цунами, су тасқындары, найзағай нәтижесіндегі қирау, жарылыстар, өрттер, байланыс желілеріндегі апаттар/ақаулықтар, ғимараттардың, құрылыстардың және кез келген қондырғылардың, телекоммуникациялық жабдықтың қирауы, осы Шарт талаптарын орындауға кедергі болатын заңнамалық актілердің шарттары, мемлекеттік органдардың актілері.

5.2.3. Абоненттік/телефон нөмірінің қате терілгені, сондай-ақ Дербес шотты толтыру барысында Абоненттік нөмірдің қате көрсетілгені үшін;

5.2.4. бүлінген немесе тиісті емес Абоненттік құрылғының пайдаланылуы салдарынан Қызметтердің мүмкін болатын нашарлауы;

5.2.5. басқа операторлардың байланыс қызметтерінің сапасына, сондай-ақ Оператордың үшінші тараптар ұсынатын қызметтерді бірлесіп көрсеткен жағдайында;

5.2.6. Оператор желісі арқылы көрсетілетін үшінші тараптар қызметтерінің көрсетілмеуіне, уақтылы көрсетілмеуіне, мазмұнына және сапасына;

5.2.7. Абоненттің үшінші тараптарға кез келген ақпаратты таратуына және Абоненттің Оператор Қызметтері арқылы келтірген кез келген залалға:

5.2.8. Абоненттің телефон арқылы берілген кеңес нәтижесінде Абонент үшін пайда болған жағымсыз салдар үшін;

5.2.9. Абонент сұранымдары бойынша берілген ақпараттың Абоненттің жеке күтулеріне және оның субъективті бағасына сай келмеуіне.

5.3. Оператор Абоненттің алдында осы Шартқа және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікті көтереді, сонымен бірге, Оператордың жауапкершілігі Абонентке келтірілген тікелей шынайы залалдың өлшемімен шектеледі және 5 АЕК-ке тең сомадан аса алмайды.

5.4. Қызметтерді төлеуді кешіктіргені үшін Оператор Абоненттен әр кешіктірілген күнге қарыз сомасының 0,1% мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға құқылы.

5.5. Абонент Оператордың алдында Шартты, Шартқа №1 Қосымшаның шарттарын бұзған жағдайда, Операторға келтірілген залалдарды толық көлемде өтеу міндетімен жауапкершілікті көтереді.

5.6. Абонент Абоненттік нөмірді, SIM-картаның және Шарт бойынша Қызметтерді үшінші тараптардың, оның ішінде кәмелетке толмаған тұлғалардың пайдалануына, оның ішінде SIM-картаның жоғалған не ұрланған жағдайында Операторға Оператор Қызметтерін тоқтату өтінішімен уақтылы хабарласпауына толықтай жауапты болады.

6. Шарттың жарамдылық мерзімі, оны бұзу және өзгерту тәртібі

6.1. Осы Шарт Абоненттің Тіркеу парағына қол қойған күні немесе осы Шарттың 2.5 тармағына сәйкес Оператордың қабылдаған күні күшіне еніп, оның Қазақстан Республикасы заңнамасына және/немесе Шартқа сәйкес бұзылғанына дейін күшінде болады.

6.2. Келесі жағдайларда Оператор Абонентке алдын ала ескертпей, Шартты біртарапты тәртіпте бұза алады:

6.2.1 Абонент осы Шартты және / немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген шарттарды бұзғанда;

6.2.2 Абонент өзі туралы қате деректерді бергенде және /немесе SIM-картаны қайта рәсімдемей және/немесе Операторға хабарламай, үшінші тұлғаға бергенде;

6.2.3 Абонент Қызметтерді 12 айдан астам пайдаланбағанда.

6.3. Осы Шарт Абоненттің өз Абоненттік нөмірін басқа ұялы байланыс операторының желісіне ауыстырған жағдайында ауыстырылған Абоненттік нөмір(лер)ге қатысты, сондай-ақ Абоненттік нөмірдің осы Шартта және ҚР заңнамасында ескерілген негіздерде алынған жағдайында, алынған Абоненттік нөмірге қатысты өз әрекетін тоқтатады.

6.4. Осы Шарт бұзылған/тоқтатылған жағдайда Абонентке оның дербес шотындағы ақшалай қаражат қалдығы Абоненттің Оператордың қызмет көрсету кеңселеіне орнатылған үлгі бойынша беретін Шартты бұзу жөніндегі жазбаша Өтінішін тіркеу сәтінен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қайтарылады.

6.5. Шарт қандай да бір негіздер бойынша бұзылғанда/күшін жойғанда, Абоненттік нөмір басқа ұялы байланыс операторының желісіне ауысатын жағдайдан басқа кезде, Абоненттік нөмір тартып алынады. Оператор Абонент иелігіндегі Абоненттік құрылғыны қайта сатып алмайды, Абоненттік құрылғы құны, Абоненттің SIM-картасының құны, Абоненттің сатып алған және іске қосылмаған Төлем карталарының құны, төленген Абоненттік төлем сомалары Абонентке қайтарылмайды. Оператордың кез келген Қызметтердің немесе науқандардың шеңберінде ұсынылған бонустары мен жеңілдіктері (оның ішінде жарнамалық) ақшалай түрде төленбейді және Қызметтердің өшірілген және/немесе Шарттың бұзылған жағдайында нөлденеді.

6.6. Оператор осы Шарттың өзгертілген редакциясын Оператор Сайтында орналастыру немесе басқа бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) жариялау арқылы осы Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады. Мұндай өзгертулер мен толықтырулар Шартпен басқалай ескерілмеген болса, осындай өзгертулер мен толықтырулардың енгізілген сәтінен бастап әрекет етеді. Абонент өзгерістер мен толықтырулармен келіспеген жағдайда Операторға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Операторға жазбаша Өтініш жолдау арқылы Шарттан бас тартуға құқылы.

6.7. Абонент Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Абонент Операторға Шартты бұзу сәтіне дейін көрсетілген Қызметтерді, оның ішінде кейіннен анықталған Роуминг қызметтерін төлеу қарызын, ақылы анықтамаларды, Оператор алдындағы Абоненттің Шартты бұзуына дейін төлейтін басқа да берешектерін т.б. өтейді.

7. Ұялы байланыс желілерінде абоненттік нөмірді ауыстыру

7.1. Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасына сәйкес Оператор өзінің ұялы байланыс желісінде, сондай-ақ Оператор желісінен Абоненттік нөмірді ауыстырудың техникалық мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

7.2. Абонент Оператордың Абоненттік нөмірді ауыстыру сұранымын тексеру сәтінде Абоненттің Оператор алдында орындалмаған міндеттерінің, оның ішінде несиелік есеп айырысу тәртібі бойынша көрсетілген қызметтерге қарызын, Роумингте көрсетілген ұялы байланыс қызметтерінің қарызын немесе сатып алынған Абоненттік құрылғылар бойынша міндеттемелер бойынша қарызының болмаған жағдайында басқа оператор кеңсесіне жолығу арқылы Абоненттік нөмірін осы оператор желісіне ауыстыруға құқылы.

7.3. Абонентке Абоненттік нөмірді ауыстыру процедурасын жүзеге асыру мерзімінде берілетін уақытша Абоненттік нөмірді үшінші тұлғаға, сондай-ақ оны донор оператордың нөмірді ауыстыруға сұранымды растауына немесе оны қайтаруына дейін қайта тіркеуге болмайды.

7.4. Оператордың Абоненттік нөмірді ауыстыруға сұранымын тексеру сәтінде Оператор Абонентке көрсетілген Қызметтер, оның ішінде Роуминг бойынша қарызының, несиелік есеп айырысу тәртібі бойынша, аванстық есеп айырысу тәртібінде Роумингте көрсетілген Қызметтер бойынша, сондай-ақ Абонентте сатып алынған Абоненттік құрылғылар бойынша орындалмаған міндеттемелерінің болған жағдайында Абонентке Абоненттік нөмірді ауыстырудан бас тартуға құқылы.

7.5. Абоненттік нөмірді Қызметтердің көрсетілуі құқық қорғау органдарының және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдардың талабы негізінде бұғатталған Абоненттік нөмірлерге қатысты ауыстыру мүмкін емес.

7.6. Абонент Абоненттік нөмірді ауыстырғаннан кейін анықталған Оператор желісінде қызмет алу мерзімінде көрсетілген Роумингтегі Қызметтер бойынша қарызын Оператордан осындай қарыздың болуы туралы мәлімдемесін алғаннан кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.

7.7. Абоненттік нөмірдің ауыстырылуынан кейін Абоненттің Дербес шотынан ақша қаражатының қалдығын қайтару Абоненттің Оператордың қызмет көрсету кеңселеріне орнатылған үлгі бойынша ұсынған өтініші тіркелгеннен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

7.8. Шарттың 7 бабының шарттары Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасына сәйкес Абоненттік нөмірді ауыстыру жөніндегі қызметтердің ұялы байланыс желілерінде енгізілген күнінен бастап әрекет етеді.

8. Ерекше шарттар

- 8.1. Оператор ұсынатын Қызметтер радиотолқындар таралуының ерекшеліктеріне байланысты ғимараттар ішінде, маңында, жергілікті жер бедері мен құрылыстардың ерекшеліктеріне, метеорологиялық жағдайларға, ұялы байланыс сигналдарын басатын арнайы техникалық құралдардың жұмысына және басқа да себептерге байланысты нашарлауы немесе үзілуі мүмкін.
- 8.2. Абонентке ұсынылатын Қызметтер желінің конструкциялық ерекшеліктеріне байланысты Оператор құзырынан тыс жергілікті сымды телефон желісі операторларының жабдықтары, халықаралық және/немесе қалааралық байланыс операторлары жабдықтарының сапасына байланысты.
- 8.3. Қызметтерді көрсету жөніндегі шектеулер мен талаптар ағымдағы заңнамаға сәйкес орнатылады.
- 8.4. Тараптар арасында пайда болуы мүмкін даулар мен келіспеушіліктердің барлығы келіссөздер арқылы шешіледі. Оларды шешу мүмкін болмаса, даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Оператордың орналасқан орны бойынша сот тәртібімен шешіледі.
- 8.5. Осы Шартта көрініс таппағанның барлығында Тараптар Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасын басшылыққа алады.
- 8.6. Осы Жалпыға ортақ Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланып отыр. Айырмашылық болған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.
- 8.7. Егер осы Шарттың қандай да бір шарты болашақта толық немесе жартылай заңсыз, жарамсыз немесе қолдануға болмайтын болып танылса, бұл шарт осы Шарттың толықтай немесе жартылай басқа шарттарының заңдылығына, жарамдығына және қолданылатындығына әсер етпейді.
- 8.8. Оператор және/немесе үшінші тұлғалар осы Шартты орындау, Қызметтерді көрсету мақсатында, сондай-ақ ағымдағы заңнамаға сәйкес анықтамалық-ақпараттық қызмет көрсету үшін Абоненттердің және/немесе Пайдаланушылардың жеке деректерін жинайды және өңдейді.

Оператордың есеп шотының деректемелері:

«Кселл» АҚ, мекенжайы: Алматы қ., Самал-2 ы/а, 100 үй / Тимирязев к-сі, 2 «Г» үй

BCH 980540002879, SWIFT KZKOKZKX, IBAN KZ539261802102350000 «Казкоммерцбанк» АҚ.

Қызметтерді адал пайдалану шарттары

Шарт бойынша Қызметтерді пайдаланғанда, Оператордың барлық Абоненттерін Қызметтердің ең жақсы сапасымен қамтамасыз ету және Оператордың желісінің жұмысын бұзуға жол бермеу мақсатында Абонент осы Қызметтерді адал пайдалану шарттарын сақтау тиіс

Абонентке басқа Абоненттердің Қызметтерді қалыпты пайдалануына кедергі жасауға, Қызметтерді пайдаланғанда, теріс пайдалануда көрініс табатын, Оператордың немесе үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға бағытталған әрекеттерді жасауға тыйым салынады, келесілерді қоса, бірақ олармен шектелмей:

Лимитсіз қызметтерді көздейтін немесе қосымша ақысыз бір күннің ішінде басқа байланыс операторларының желісіне 150 минуттан астам, басқа байланыс операторларының желісіне 500 SMS көздейтін Тарифтік жоспарлар мен қызметтер бойынша дауыстық байланыс қызметтерін, SMS, мобильді интернетті үздіксіз және/немесе өте жиі пайдалану:

Абоненттер және/немесе Пайдаланушылардың Қызметтерді орташа тұтынуынан әлдеқайда асатын көлемде қолдану;

Дұрыс емес ұзақтықтағы шығыс дауыстық қосылыстарын жасау немесе Шартта тіке көзделген жағдайлардан басқа, бір немесе бірнеше нөмірге қысқа ұзақтықты қоңыраулардың көп санын шалу;

Шартта тіке көзделген жағдайлардан басқа, бір немесе әртүрлі нөмірлерге көп SMS жіберу;

Қызметтерді адал пайдалану үшін қажетті уақыттан асатын конференция, қайта бағыттау немесе қоңырауды ұстап қалу қызметтерін шектен тыс пайдалану.

Адал емес пайдалану мақсатында тарифтік жоспарлардың, науқандар мен Қызметтердің басқа шарттарының әртүрлі үйлесімдеріне негізделген әрекеттер жасау және де Шарттың мәніне және байланыс қызметінің мақсатына сай келмейтін басқа әрекеттерді жасау.

2 Қосымша. Мобильді Қаржы Қызметтерін ұсыну ережелері (бұдан әрі – «Ережелер»)

Осы Ережелер Абоненттің Электрондық ақшаны пайдаланып, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлемдерді төлеуі және басқа операцияларды жүргізуі мақсатында Оператор Электрондық ақшаны сатқанда, Абонент сатып алғанда туындайтын, Оператор мен Абоненттің қарым-қатынасын реттейді және Абонент Электрондық әмиянды Толтыру және Электрондық ақшамен басқа операцияларды жүргізу туралы Нұсқау беретін Оператордың Ақпараттық жүйесін Абоненттің пайдалану тәртібін анықтайды.

1. Осы Ережелерде қолданылатын терминдер мен анықтамалар

- 1.1. **Электрондық ақша жүйесінің операторы** – Электрондық ақша жүйесінің жұмысын қамтамасыз ететін және Электрондық ақшаны пайдаланып, операцияларды жүргізгенде, қалыптасатын ақпаратты жинау, өңдеу және беруді қоса, есептеуге қатысушылар арасында ақпараттық және технологиялық өзара әрекетті қамтамасыз ету қызметтерін көрсететін «WOORPAY» (ВУППЭЙ) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
- 1.2. **Электрондық ақша жүйесі** – Электрондық ақшамен төлемдерді және басқа операцияларды жүргізуді қамтамасыз ететін, Электрондық ақша жүйесінің Операторының бағдарламалық-техникалық құралдарының, құжаттамасы мен ұйымдастыру-техникалық шараларының жиынтығы.
- 1.3. **Электрондық ақша жүйесінің Операторының сайты** – Электрондық ақша жүйесінің Операторының Интернет желісіндегі ақпараттық ресурсы www.woorpay.com мекенжайы бойынша.
- 1.4. **Жүйенің ережелері** — Қазақстан Республикасының заңнамасының аясында Эмитент белгілеген және мақұлдаған ережелер, оларға сәйкес Электрондық ақша шығарылады, сатылады, сатып алынады, қабылданады, беріледі, өтеледі және www.woorpay.com/files/2.pdf сайтында Интернет желісінде орналастырылған оларды пайдалану бойынша басқа операциялар жүргізіледі.
- 1.5. **Электрондық ақша** — электронды түрде сақталатын және Электрондық ақша жүйесінің басқа қатысушылары Электрондық ақша жүйесінде төлемнің құралдары ретінде қабылдайтын Эмитенттің шартсыз және қайтарып алынбайтын ақша міндеттемелері.
- 1.6. **Электрондық әмиян** –Электрондық ақша сақталатын және/немесе оларға қол жеткізуді қамтамасыз ететін, Абоненттерге төлем жасауға, аударымдарға және Электрондық ақшамен басқа Операцияларды жасауға мүмкіндік беретін микропроцессор (чип), дербес компьютердің бағдарламалық жасақтамасы, өзге бағдарламалық техникалық құрал.
- 1.7. **Эмитент** – Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес, Электрондық ақша жүйесінде Электрондық ақша шығару және өтеуді жүзеге асыратын, «Казкоммерцбанк» Акционерлік қоғамы.
- 1.8. **Электрондық әмиянды толтыру** – Абоненттің Оператордан Электрондық ақшаны сатып алу және Абоненттің Нұсқауы бойынша жүзеге асырылатын, оларды Электрондық әмиянға салу операциясы.

- 1.9. **Төлем** – Электрондық ақшаны пайдаланып, Жеткізуші мен Абонент арасында жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша үшінші тұлғалардың (Жеткізушілердің) тауарларының, қызметтеріне Электрондық ақша жүйесі арқылы Абоненттің төлемі.
- 1.10. **Электрондық ақшаны өтеу** – Жүйенің Ережелеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізілетін, иегері көрсеткен немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, көрсетпей өтеуге жататын Электрондық ақшаны атаулы құны бойынша тең ақша сомасына ауыстыру бойынша Эмитент жүзеге асыратын операция.
- 1.11. **Жеткізуші** – оның пайдасына Абонент Электрондық ақшаны пайдаланып, Төлем жасайтын, қызметтерді, жұмыстарды Абоненттерге ұсынуды немесе тауарды сатуды жүзеге асыратын тұлға.
- 1.12. **Авторландыру** – электрондық ақшамен операциялар жүргізуге Абоненттің құқықтарын тексеру (растау) процесі;
- 1.13. **Лимит** – бір операцияның ең көп сомасы, Электрондық ақша иесі белгілі бір кезеңде жасайтын мәмілелердің саны;
- 1.14. **Ақпараттық жүйе** – Оператордың ақпаратты өңдеу жүйесі және Электрондық ақша жүйесінің Қатысушыларының арасында ақпаратты беруді қамтамасыз ететін және Абоненттің Нұсқауларын беруді қамтамасыз ететін тиісті ұйымдастыру және техникалық ресурстар.
- 1.15. **Электрондық ақша жүйесінің қатысушылары** – осы Ережелерге немесе жасалған шартқа сәйкес, Электрондық ақша жүйесінің аясында электрондық ақшаны шығару, беру, қабылдау, пайдалану, сатып алу, сату немесе өтеу құқығы немесе міндеттемесі туындайтын жеке немесе заңды тұлға.
- 1.16. **Мобильді қаржы қызметтері** – Электрондық ақша жүйесінде Абонентке Электрондық ақша сату бойынша Оператордың қызметтері.
- 1.17. **Нұсқау** – Абоненттің Электрондық әмиянын Толтыру туралы Операторға және Электрондық ақша жүйесінің Операторына бір уақытта осы Ережелердің 7 тармағында көзделген амалдармен Абонент беретін Электрондық ақшамен Операцияларды жүргізу туралы бұйрық.
- 1.18. **Жария шарт** – Абонент пен Оператордың арасында жасалған, мәні Оператордың Абонентке байланыс қызметтерін, Оператор мен үшінші тұлғалардың басқа қызметтерін көрсетуі болатын, байланыс қызметін көрсетуге жария шарт.
- 1.19. **Оператордың сайты** – www.kcell.kz және www.activ.kz мекенжайлары бойынша Интернет желісіндегі Оператордың ақпараттық ресурсы.
- 1.20. **Төлемнің жеке нөмірі** – Абонент Электрондық ақша сатып алғаннан кейін, Электрондық ақша жүйесінің Операторы Абонентке электронды түрде ұсынатын, ол арқылы Абонент Электрондық ақшаны сатып алғанын растайтын құжатты алу мүмкіндігіне ие болатын нөмір.

Осы Ережелерде анықтамалары мен ұғымдары көзделмеген терминдер олардың Жария шарттағы анықтамасы мен ұғымына сәйкес түсіндіруге жатады.

2. Жалпы ережелер

- 2.1. Осы Ережелердің шарттарына сәйкес, Оператор:

1) Эмитент анықтаған шарттарға сәйкес, Электрондық ақшамен Абоненттің Төлемдерді және басқа операцияларды жүргізуі мақсатында Электрондық ақшаны (бұдан әрі – «**Электрондық әмиянды толтыруды жүзеге асырады**») Абоненттерге сатады;

2) Абоненттің Электрондық әмиянын толтыру және Электрондық ақшамен операцияларды жүргізу туралы Нұсқауларын Операторға және Электрондық ақша жүйесінің Операторына беруді қамтамасыз ететін, Ақпараттық жүйені пайдалануға Абоненттерге мүмкіндік береді.

2.2. Оператор Абонентке Электрондық ақшаны сатуы Абоненттерге Жеткізушінің қызметтеріне/тауарларына/жұмыстарына төлеу және Электрондық ақша жүйесінде Электрондық ақшамен басқа операцияларды жүргізу мүмкіндігін беру мақсатында сатады. Нұсқау жолдай отырып, Абонент Оператордан Электрондық ақша сомасын сатып алады және оларды пайдаланып, Жеткізушінің пайдасына Төлем жасайды немесе Электрондық ақша Эмитенті белгілеген шарттарға сәйкес басқа операцияны жүргізеді. Абонент Нұсқауларды осы Ережелерде көзделген амалдармен Оператордың Ақпараттық дүйесін пайдалана отырып, ұсынады.

2.3. Электрондық ақша сатып алу операциялары бойынша Оператормен Абоненттердің есептесуі Жария шарттың негізінде байланыс қызметтері үшін алғытөлем ретінде Абоненттер енгізген ақша қаражатының есебінен жүргізіледі. Абоненттің Электрондық ақша сатып алуына байланысты Абоненттің Дербес шотынан алымдар туралы ақпарат көрсетілген байланыс қызметтері бойынша деректерде беріледі.

2.4. Электрондық ақшамен жүргізілетін операцияларды Абонент Жүйенің Ережелерінде көзделген тәртіпте және шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

2.5. Олардың акцептісі арқылы осы Ережелерді (Офертаны) қабылдай отырып, Абонент өз келісімін растайды және Жүйенің Ережелеріне толық көлемде қосылады.

3. Абоненттің осы Ережелерге қосылу тәртібі

3.1. Абоненттің осы Ережелерге қосылуы Абоненттің осы Ережелердің шарттарымен танысун және келісуін білдіреді.

3.2. Абоненттің осы Ережелерге қосылу сәті және олардың күшіне енуі Абоненттің келесі әрекеттердің бірін жасау сәті болып есептеледі:

3.2.1. 7757, 2505, 2888, 7701, 525 нөміріне SMS жіберу арқылы;

3.2.2. мәтіннің жанындағы тиісті жолақта белгі (қанат белгісін қойып) немесе веб-ресурстардағы немесе абоненттік құрылғыларға арналған кез келген басқа қосымшалардағы мәтінге сілтеме қоюда көрініс тапқан, осы Ережелердің шарттарына өз келісімін растау;

3.2.3. тиісті жолақтарда «mobimoney» жіберушіден келген SMS арқылы алынған бір реттік растау кодын тиісті жолақтарға енгізу арқылы;

3.2.4. Осы Ережелердің өзекті нұсқасы орналасқан Интернет желісіндегі мекенжайды көрсетіп, осы Ережелерге сілтемені қамтитын, Оператормен басқа келісімдерге қол қою.

3.3. Осы Ережелерге қосыла отырып, Абонент оған Мобильді Қаржы Қызметтерін ұсыну үшін оның Жеке деректерін алу, сақтау және өңдеуге Операторға, Электрондық ақша жүйесінің Операторына келісімін және рұқсатын береді, Электрондық ақша жүйесінің Операторының Оператордан абоненттің жеке деректерін алуына келісімін береді және де Абоненттің жеке деректерін Оператор мен Эмитентке беруге келісімін береді. Жеке деректерді өңдеу дегеніміз осы Мобильді қаржы қызметтері ережелерінде және

Электрондық ақша жүйесінің ережелерінде көзделген ұсыну барысында Эмитентке немесе басқа тұлғаларға Жеке деректерді беруді қоса, жеке деректерді жинау, сақтау, өзгерту, толықтыру, пайдалану, тарату, иесіздендіру, бұғаттау және жоюды қоса, жеке деректермен әрекеттерді (операцияларды) білдіреді. Үшінші тұлғалармен жасалған құпиялық туралы келісімнің негізінде осы Ережелерде көзделген міндеттемелерді орындау мақсатында ғана Оператор оларға Абоненттердің жеке деректерін өңдеуді тапсыруға құқылы.

3.4. Электрондық ақша сатып алу және ақпараттық жүйеге қол жеткізу мүмкіндігі Абонентке келесі жағдайларда ғана беріледі:

3.4.1. Абоненттің «Кселл» АҚ-на байланыс қызметтері немесе басқа қызметтер бойынша қарызы болмаса;

3.4.2. Абоненттік құрылғы бұғатталмаған болса;

3.4.3. Дербес шоттың негізгі теңгерімінде жеткілікті ақша сомасы болса;

3.4.4. Электрондық ақшамен операциялардың сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген Лимиттерден аспаса;

3.4.5. Абонент енгізген деректер дұрыс болса.

3.5. Абонент осы тармақта көзделген шарттарға сай келмесе немесе заңнаманың талаптарына қайшы келетін басқа негіздер бойынша Оператор Абонентке Мобильді Қаржы Қызметтерін ұсынудан бас тартуға құқылы.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.

4.1. Оператордың міндеттері:

4.1.1. Өзгерістер күшіне енерден 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын уақыттан кем емес www.kcell.kz және <http://www.activ.kz> мекенжайы бойынша Оператордың сайтында ақпаратты орналастыру арқылы осы Ережелердің шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Абоненттерге хабарлау.

4.1.2. Осы Ережелердің 3 т. ескере отырып, Абонент туралы жеке деректердің құпиялығын қамтамасыз ету. Оператордың Ақпараттық жүйесіне кіру ұсынылатын өзінің жеке деректерін Абоненттің жариялауына және/немесе жоғалтуына байланысты, Абонентке келтірілген кез келген залал үшін Оператор жауапкершілікті көтермейді.

4.2. Оператордың құқықтары:

4.2.1. Мобильді Қаржы Қызметтерін ұсынуды тоқтатуға дейін немесе өзгерістер күшіне енгенге дейін, 15 (он бес) күнтізбелік күннен кем емес уақыт бұрын Оператордың Сайтында хабарламаны жариялағаннан кейін, Мобильді Қаржы Қызметтерін ұсынуды тоқтату немесе біртапарты соттан тыс тәртіпте оларды ұсыну тәртібі мен шарттарын өзгерту. Осы Ережелерге қосылып, Абонент Оператордың Сайтында ақпарат орналастыру арқылы осы Ережелердің шарттары мен ережелеріне Оператордың әрі қарай өзгеріс енгізуіне келіседі.

4.2.2. Оператор Абоненттің Нұсқауларды беру амалдарын біртапарты тәртіпте өзгертуге және/немесе толықтыруға құқылы.

4.2.3. Абонент осы Ережелерді бұзған жағдайда немесе Абонент күмәнді болып немесе кінәланатын алаяқтық немесе басқа заңға қайшы әрекеттер анықталған жағдайда, осы

туралы Абонентке алдын ала хабарламай, Мобильді Қаржы Қызметтерін Абонентке ұсынудан бас тарту.

4.3. Абоненттің міндеттері:

4.3.1. Осы Ережелерде көзделген талаптар мен міндеттерді орындау;

4.3.2. Осы Мобильді Қаржы Қызметтерінің аясында ұсынылған қызметтерге төлеу, соның ішінде Абоненттік құрылғы / Абоненттік нөмір Абоненттік иелігінен шыққан немесе Абонент оны үшінші тұлғаға пайдалануға берген жағдайда.

4.3.3. Мобильді Қаржы Қызметтеріне кіруді қамтамасыз ететін өз Абоненттік құрылғысын немесе кілтсөзін және/немесе SIM-картаны жоғалтқан жағдайда, осы туралы Операторға тез арада хабарлау және 3030 немесе +7 727 258 83 00 телефоны арқылы немесе Оператордың Сайтында көрсетілген мекенжай бойынша Оператордың қызмет көрсету кеңсесіне Абоненттік нөмірді бұғаттау үшін хабарласу.

4.4. Абоненттің құқықтары:

4.4.1. Осы Ережелерде көзделген талаптарлы орындай отырып, Мобильді Қаржы Қызметтеріне қол жеткізу.

4.4.2. mobimoney.kz, check.activ.kz, money.activ.kz сайттарында көрсетілген нұсқауларға сәйкес немесе осы Ережелердің 8.1. т-нда көзделген тәртіпте осы сайтта Электрондық ақшамен жүргізілген операциялар туралы ақпаратты алу.

5. Мобильді Қаржы Қызметтерін көрсеткені үшін Операторға сыйақы беру.

5.1. Абонент Операторға Мобильді Қаржы Қызметтерін көрсеткені үшін төлеуге тиісті сыйақының және (немесе) комиссияның сомасы туралы ақпаратты Оператор Абонентке www.kcell.kz, www.activ.kz және mobimoney.kz веб-сайттарында ұсынады.

6. Тараптардың жауапкершілігі.

6.1. Абонент Электрондық ақшамен операцияларды Электрондық ақша жүйесінде жүргізеді. Электрондық ақша жүйесінің дұрыс емес жұмысы және (немесе) Электрондық ақшаны пайдаланып, операцияларды жүргізгенде, қалыптасатын ақпаратты жинау, өңдеу және беруді қоса, есептеудің қатысушыларының арасындағы ақпараттық және технологиялық өзара қатынасты қатамасыз ету қызметтерін тиісінше көрсетпегені, ақшаны төлеу және (немесе) аударуға байланысты өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікті Электрондық ақша жүйесінің операторы көтереді.денег.

6.2. Қызмет көрсету, тауарларды мен жұмыстарды ұсыну, олардың сапасы мен жеткізілімі бойынша міндеттемелер бойынша жауапкершілікті Жеткізуші көтереді. Жеткізуші көрсеткен барлық қызметтер, жұмыстар мен сатылған тауарлар бойынша барлық шағымдар және де тауарларды және/немесе қызметтерді және/немесе жұмыстарды айырбастау-қайтару бойынша барлық талаптар деректемелері тауар, жұмыстар немесе қызметтер сатып алынған сайтта көрсетілген Жеткізушіге тікелей қойылу тиіс немесе www.woorpay.com сайтында көрсетілген байланыс нөмірлері бойынша Электрондық ақша жүйесінің Операторының Пайдаланушыларды Қолдау Қызметіне хабарласу тиіс.

6.3. Оператордың кінәсі жоқ техникалық платформалар мен тасымалдау желілерінің немесе байланыс желілерінің жұмысында кідірістер және үзілістер болған жағдайда, Оператор Абоненттің алдында жауапкершілікті көтермейді.

- 6.4. Өзінің Абоненттік нөмірі арқылы немесе Абоненттік құрылғыда орнатылған арнайы қосымшалардың көмегімен немесе web-сайттардағы оның сәйкестендіру/аутентификациялау деректерінің көмегімен жасалған өзінің Абоненттік құрылғысын пайдаланушылардың, үшінші тұлғалардың кез келген әрекеттері үшін Абонент барлық тәуекелдерді және барлық жауапкершілікті мойнына алады.
- 6.5. Оператор Жеткізуші көрсететін тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сапасы үшін жауапкершілікті көтермейді.
- 6.6. Абонент Нұсқауды толтырғанда, көрсеткенде, Абоненттің деректерді қате теруіне және жіберген қателеріне байланысты Абоненттің әрекеттері мен олардың салдары үшін және де Электрондық ақша жүйесінің басқа Қатысушыларының әрекеттері үшін Оператор жауапкершілікті көтермейді.
- 6.7. Абоненттің Абоненттік құрылғысы немесе SIM-картасы жоғалып, ұрланып немесе Абоненттік иелігінен басқалай шыққан жағдайда, Оператор Абоненттен Абоненттік құрылғыны/SIM-картаны бұғаттау туралы арызды алған сәтке дейін, осы Абоненттік құрылғыны және/ немесе SIM-картаны пайдалануға қатысты барлық тәуекелдерді Абонент көтереді.

6.8. Егер тиісті операциялар бойынша осы Шартта көзделген Агенттің міндеттемелері толық көлемде орындалған болса, Оператор Электрондық ақша жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуі немесе жүйеде операцияларды тиісінше жүзеге асырмағаны үшін жауапкершілікті, соның ішінде мүліктік жауапкершілікті көтермейді, соның ішінде Электрондық әмияндарға Электрондық ақша салу бойынша сәйкес емес немесе қате операциялар, Электрондық ақшамен операциялар, Абоненттің қате операциялар жүргізгені, Жеткізушінің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

7. Абоненттің Электрондық әмиянды Толтыру және Электрондық ақшамен Операцияларды жүргізу туралы Нұсқауды беру тәртібі.

- 7.1. Электрондық әмиянды толтыру және Электрондық ақшамен операцияларды жүргізу мақсатында, Абонент бір уақытта Оператор үшін Электрондық әмиянды Электрондық ақшамен жоспарланатын операцияның сомасына Толтыру туралы тапсырма және Абонент өз Нұсқауында анықтаған Электрондық ақшамен операциялар жүргізу туралы тапсырма болып табылатын Нұсқауды береді.
- 7.2. Абоненттің Электрондық әмиянын толтыру Абоненттің Дербес шотындағы ақша қаражатының есебінен Абоненттің Оператордан Электрондық ақша сатып алуы және олардың Абоненттің Электрондық әмиянына түсуі арқылы жүргізіледі.
- 7.3. Абоненттің нұсқауы келесі деректерді қамту тиіс: төлемнің сомасы, төлем жасау формасындағы жолдарға сәйкес қажетті деректемелер (дербес шоттың нөмірі, Жеткізушінің талаптарына байланысты, басқа деректемелер). Электрондық ақшаны Абоненттің негізгі теңгерімінен ғана сатып алуға болады. Төлемді графикалық интерфейстер арқылы жүргізген жағдайда, Абонент SMS-хабарлама арқылы алған бір реттік кодты көрсетеді.
- 7.4. Нұсқауға енгізілген деректердің дұрыстығы үшін жауапкершілікті Абонент көтереді..
- 7.5. Операторға Электрондық әмиянды Толтыру туралы және Электрондық ақша жүйесінің Операторына Электрондық ақшамен операцияларды жүргізу туралы Абоненттің Нұсқауын Абонент келесі амалдардың бірімен электронды түрде қалыптастырады:

7.5.1 7757, 2505, 2888, 7701, 525 нөмірлеріне SMS-хабарламалар жіберу арқылы;

7.5.2 Графикалық интерфейстерде орналасқан нұсқаулықты орындау арқылы.

7.6. Нұсқауды беру амалдарын Оператор біртарапты тәртіпте өзгерте және/немесе толықтыра алады.

8. Басқа шарттар.

8.1. Электрондық ақшаны пайдаланып жүргізілген операциялар бойынша үзінділер немесе анықтамалар алу үшін және де пайдаланушының қосымшасы арқылы кілтсөзді қалпына келтіру мүмкін емес жағдайда, кілтсөзді ауыстыру мәселелері бойынша, қаражаттардың дұрыс емес түсуі және/немесе алынуына қатысты және де Электрондық ақшаны шығару, сату және өтеуге қатысты даулы жағдайлар бойынша +7 (7212) 996 222, +7 (7273) 435 222, +7 (7172) 978 733 телефондары бойынша электрондық ақша жүйесінің Операторына хабарласу қажет.

8.2. Қызмет көрсету (Эмитенттің, Аударым операцияларын жүргізетін ұйымдардың комиссияларының, Электрондық ақша жүйесінің Операторының сыйақысының мөлшерін қоса), Төлемнің электрондық құралдарын пайдалану шарттары, Эмитент, Электрондық ақша жүйесінің Операторы және аударым операцияларын жүргізетін ұйымдар туралы ақпарат www.woorpay.com мекенжайы бойынша Электрондық ақша жүйесінің Операторының web-сайтында орналастырылады. Абонент Оператордың Ақпараттық жүйесін пайдаланудан және Мобильді Қаржы Қызметтерін алудан бұрын, осы ақпаратпен танысуға міндетті.

8.3. Мобильді Қаржы Қызметтері серіктестер ретінде басқа Жеткізушілер мен Эмитенттерді тарту арқылы немесе басқа өзгерістер енгізу арқылы кеңейтіледі немесе өзгертіледі. Осы туралы ақпарат <http://www.kcell.kz> және <http://www.activ.kz> сайтының тиісті бөлімінде немесе Электрондық ақша жүйесінің Операторының сайтында www.woorpay.com орналастырылады.

8.4. Осы Ережелерге қосылып, Абонент осы Ережелердің барлық шарттарымен келісетіндігін білдіреді және Абонент тіркеу процесінде көрсеткен электрондық пошта мекенжайына Мобильді Қаржы Қызметтері туралы Оператордан SMS-хабарламалар мен хабарламалар аруға келіседі.

Осы Ережелерге қосылып, Абонент Операторға, Электрондық ақша жүйесінің Операторына оған Мобильді Қаржы Қызметтерін ұсыну үшін оның Жеке деректерін алуға, сақтауға және өңдеуге келісімін береді және рұқсатын береді, Электрондық ақша жүйесінің Операторының Оператордан Абоненттің жеке деректерін алуына келісімін береді және де Абоненттің жеке деректерін Операторға, Эмитентке, Жеткізушілерге, Агенттерге беруге келісімін береді. Жеке деректерді өңдеу дегеніміз жеке деректерді жинау, сақтау, өзгерту, толықтыру, пайдалану, тарату, иесіздендіру, бұғаттау және жоюды қоса, жеке деректермен әрекеттерді білдіреді. Үшінші тұлғалармен жасалған құпиялық туралы келісімнің негізінде осы Ережелерде көзделген міндеттемелерді орындау мақсатында ғана Оператор оларға Абоненттердің жеке деректерін өңдеуді тапсыруға құқылы.

8.5. Мобильді Қаржы Қызметтерінің сұрақтары бойынша Абоненттерге консультация беру Kcell ұялы телефоннан – 3030 немесе қалалық телефоннан тегін - + 7 (727) 258 83 00 нөмірлері арқылы колл-орталыққа қоңырау шалу арқылы жүргізіледі.

- 8.6. Электрондық ақша жүйесінің Операторы Электрондық ақша жүйесінің жұмысының тоқтауы, кідірістері немесе толығымен тоқтауына қатысты Абоненттің залалдары немесе кез келген шығындары үшін жауапкершілікті көтермейді.
- 8.7. Осы Ережелер мен оған барлық қосымшалар жария оферта болып табылады және Оператордың Сайтында жарияланады.
- 8.8. Осы Ережелер Жария шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Осы Ережелерде реттелмеген тараптардың барлық құқықтық қатынастары Жария шарттың ережелерімен реттеледі.

9. Ережелердің жарамдылық мерзімі

- 9.1. Осы Ережелер мерзімсіз болып табылады және Жария шарттың бүкіл мерзімі ішінде әрекет етеді.
- 9.2. Осы Ережелердің күші Оператор олардың күшін тоқтатқан (жойған) жағдайда немесе Жария шарттың жарамдылық мерзімі бітуіне байланысты тоқтайды.